

Пәні бойынша оқыту
бағдарламасының (Syllabus)
титулдық парағы



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультеті

Биология және экология кафедрасы

Қазақстанның шалғынды жайылма өңірін пайдаланудың экологиялық негіздері пәнінен
5В060800- Экология мамандығының күндізгі оқитын студенттеріне арналған

**ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

Павлодар



БЕКІТЕМІН

ХТЖЖФ деканы

_____ Ахметов Қ.Қ.

2012 ж. «__» _____

Құрастырған: аға оқытушы Сейтжанова Д.Д. _____

Биология және экология кафедрасы

5В060800 - Экология мамандығының күндізгі оқитын
студенттеріне арналған

Қазақстанның шалғынды жайылма өңірін пайдаланудың экологиялық
негіздері

ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

Бағдарлама «__» _____ 2012 ж. бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының
негізінде әзірленген

2012ж. «__» _____ кафедра отырысында ұсынылған № _____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Ш.М. Жумадина 2012ж. «__» _____

Химиялық технология және жаратылыстану факультет оқу-әдістемелік
кеңесімен құпталған 2012ж. «__» _____ № _____ хаттама

ОӘК торайымы _____ Р.Ж. Нургожин

1 Оқытушы туралы мәліметтер:

Биология және экология кафедрасы
Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультеті
Аға оқытушы Сейтжанова Динара Дулатбековна
Тел. (8-7182) 67-36-87
Қабылдау уақыты: жұма – 13⁴⁰- 14³⁰, 325 аудитория

2 Пән бойынша мәлімет:

Шалғындық мен жайылымдарды зерттеудің міндеттері. Шөптердің қоршаған орта мен пайдалану әсерінен туындайтын қолайсыз жағдайларға төзімділігі. Өсімдіктердің тіршілігінің барысы мен қайта жаңғыру ерекшеліктерін (биологиясын) білу; олардың сыртқы жағдайларға қарым қатынасын, былайша айтқанда, ылғалға, жылуға, жарыққа, қоректік заттарға, т.с.с. деген талаптарын (экологиясын).

3 Пәннің ауқымдылығы

Оқу түрі Оқу жұмысының көлемі	Семестр бойынша бақылау түрлері				Семестр				Курс және семестр бойынша сағаттардың бөлінуі	аудиториялық сабақтар (ак. сағ)			СӨЖ (ак. сағ)		
	кредиттер	академиялық сағаттар			емт.	сын	КП	БЖ		кредиттер	жалпы	дәр.	тәж.	жалпы	СРС
		барлығы	ауд.	СӨЖ											
Кәсіби орта білім	3	135	45	90	5	-	-	-	5	3	45	15	30	90	

4 Пәннің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты

Шалғындық мен жайылымдарды зерттеудің міндеттері. Шөптердің қоршаған орта мен пайдалану әсерінен туындайтын қолайсыз жағдайларға төзімділігі. Өсімдіктердің тіршілігінің барысы мен қайта жаңғыру ерекшеліктерін (биологиясын) білу; олардың сыртқы жағдайларға қарым қатынасын, былайша айтқанда, ылғалға, жылуға, жарыққа, қоректік заттарға, т.с.с. деген талаптарын (экологиясын).

Міндеттер:

- шалғын шаруашылығы мен шабындық ісін жүргізудің биологиялық және экологиялық негіздерін;
- шалғындықтарда өсетін өсімдіктер мен жекелеген шөптердің өндірістік қасиеттерін, ерекшеліктерін және құндылығын білу;
- өсімдіктерді зерттегенде, олардың көптеген ұрпақтар бойы өз бойларына жинаған пайдалы қасиеттерін іздеу керек.

5 Пән бойынша студент нені білу керек және студент нені істей білу керектігі туралы:

- шөптерді сыртқы көрінісі бойынша ажырату, аттарын білу;
- барынша құнды және кең тараған шөптердің шаруашылық жағырапиясын: негізгі шабындық шалғындықтар мен жайылымдарда өте кездесетін және сол жерлерге мейлінше тән түрлерін білу;
- шөптердің мына төмендегілермен айқындалатын шаруашылықтық құндылығын білу;
- өсімдіктердің экологиясын, экологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін білу;

□ көпжылдық шөптердің биологиясын, былайша айтқанда, шөптердің орта мен пайдалану жағдайларына бейімделгіштік қасиеттерін ашу, өсімдіктердің түрлі жағдайларда да мол балауса және өнім беру қабілетін айқындау сияқтыларды білу.

6 Пререквизиттер

«Қазақстанның шалғынды жайылма өңірін пайдаланудың экологиялық негіздері» пәнін игеруге қатысты пәндер: топырақтану, зоотехния, ботаника, экология және т.б.

7 Постреквизиттер

Жаратылыстану пәндерінің барлығы.

8 Тақырыптық жоспар

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ				
№	Пән тақырыбының атаулары	Сағат саны		
		Дәріс	Тәж	СӨЖ
1	Кіріспе. Қазақстанның шалғынды жайылымдарды зерттеу ісінің алдында турған міндеттер	1	3	
2	Шабындықтар мен жайылымдар өсімдіктерінің биологиясы мен экологиясы	1	4	
3	Малазығындық шөптердің тұқымынан және вегетациялық жолмен жаңғыруы	1	3	
4	Шабындықтар мен жайылымдар өсімдіктерінің экологиясы хақындағы мәліметтер. Өсімдіктердің жарықпен арақатынасы.	1	3	10
5	Өсімдіктердің ылғалмен арақатынасы.	1	3	10
6	Өсімдіктердің топырақпен арақатынасы.	1	1	10
7	Өсімдіктердің қыс пен қуаншылыққа төзімділігі.	1	1	10
8	Астықтұқымдас шөптер. Сыртқы құрылысы мен пішіндері.	1	2	10
9	Астықтұқымдастардың жағрапиясы мен экологиясы. Астықтұқымдастардың шаруашылықтық құндылығы.	2	3	10
10	Бұршақ тұқымдас шөптер. Сыртқы құрылымы мен пішіндері.	1	3	10
11	Бұршақтұқымдастардың өсетін өңірлері мен экологиясы. Шаруашылықтық құндылығы.	2	2	10
12	Шөп шабу, мал жаю және өртеу әсерінен өсімдіктердің өсіп жетілуінде болатын өзгерістер.	2	2	10
	Барлығы	30	90	
	15			
Пән бойынша барлығы		90		

9 Пәннің қысқаша мазмұны

Шалғындық мен жайылымдарды зерттеудің міндеттері. Шөптердің қоршаған орта мен пайдалану әсерінен туындайтын қолайсыз жағдайларға төзімділігі. Өсімдіктердің тіршілігінің барысы мен қайта жаңғыру ерекшеліктерін (биологиясын) білу; олардың сыртқы жағдайларға қарым қатынасын, былайша айтқанда, ылғалға, жылуға, жарыққа, қоректік заттарға, т.с.с. деген талаптарын (экологиясын).

10 Курс компоненті

Тәжірибелік жұмыстардың мазмұны

Тақырып 1 Шалғындық мал азығы шаруашылығы. (3 сағат)

1 Шалғындықтың жалпы сипаттамасы. Әр аймақта табиғи шабындық пен жайылымның негізгі типтері. Мал шаруашылығындағы шалғынның мал азығын өндірудегі орны. Бүгінгі кезеңдегі табиғи шабындық пен жайылымның жағдайы.

2 Ғылымның және ауыл шаруашылығының бір саласы ретінде шалғындың шаруашылығының дамуы мен келешегі. Еліміздегі және шет елдердегі шалғынтану ерекшеліктері.

3 Мал азықтық жерлерді жіктеу оның көлемі. Әртүрлі аймақтарда таралуы. Табиғатта өсу жағдайына және оны пайдалануына қарай шабындық пен жайылымның өсімдік қауымының өзгеруі. Өсімдік қауымының пайда болуына адамзаттың тигізетін әсері: шөп шабу, суары, минералды тыңайтқыштар пайдалану, гербицидтер пайдалану т.б. Табиғатты қорғау міндеттері.

Тақырып 2 Шалғынтанудың биологиялық және экологиялық негіздері. (4 сағат)

1 Шабындық және жайылым өсімдіктерінің тіршілік жүйелері және олардың жем шөптік ерекшеліктері. Өсімдіктердің өркен құру және тамыр жаю ерекшеліктері. Шабындық және жайылым өсімдіктерінің өніп-өсу, даму кезеңі, оның ұзақтығы.

2 Өсу мерзімі. Өсу мерзімі кезінде өсімдіктердің дамуы, жапырақтардың орналасу ерекшеліктері. Алшынкөк шығу ерекшеліктері.

3 Өсімдік және тіршілік ортасы олардың ара қатынасы және өзара әсері. Шалғын өсімдіктерінің ылғалға, жылуға, жарыққа және ауаға қоятын талаптары. Өсімдік тіршілігіне топырақтың тигізетін әсері.

4 Шабындық және жайылым өсімдіктерінің тіршілігіне тигізетін биологиялық және ортаның өзгеру факторлары.

Тақырып 3 Табиғи шабындық және жайылымның негізгі өсімдіктері. (3 сағат)

1 Табиғи өсімдіктердің мал азығын өндірудегі маңызы. Өсімдіктердің шаруашылық-ботаникалық топтары астық, бұршақ, қияқ-өлең және аралас шөптер. Мал азықтық өсімдіктерді желінгіштігі, химиялық құрамы, сіңімділігіне байланысты салыстырмалы бағалау.

2 Астық, бұршақ, қияқ-өлең, күрделігүлділер, шатыршагулділер, алаботалар, раушан гүлдер, айқышгүлділер, қырықбуындар тұқымдастарына жататын көп тараған өсімдіктердің түрлерінің қысқаша морфологиялық, экологиялық және өндірістік сипаттамалары. Олардың малазықтық қасиеттерін, әр аймақта малға тиімділігін, сіңімділігін бағалау негіздері.

3 Шабындықтың өнімі турлы түсінік, жайылымның мал азықтық көлемі оны есптеу әдістері.

Тақырып 4 Астықтұқымдастар сабақшаларының құрылымы мен осу пішіндері. Астықтұқымдастардың биологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері. Шабындықтар мен жайылымдарда меілінше жиі кездесетін астықтұқымдас шөптердің сипаттамасы. (3 сағат)

Тақырып 5 Бұршатұқымдастар мен басқа да тұқымдастар түрлері сабақшаларының құрылысы мен осу пішіндері. Бұршатұқымдастардың биологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері. Шабындықтар мен жайылымдарда кең тараған көпжылдық бұршақтұқымдас шөптер. (3 сағат)

Тақырып 6 Көпжылдық өсімдіктердің тамыр жүйелері. (1 сағат)

Тақырып 7 Маусымдық даму кезеңдері және пайдалану маусымдылығы. (1 сағат)

Тақырып 8 Мал және мал өнімдеріне зиян келтіретін өсімдіктер. (2 сағат)

Тақырып 9 Табиғи шабындық пен жайылымды жақсарту әдістері. (3 сағат)

1 Табиғи өсімдік қауымын жақсартудың әдістері мен негіздерін қолдану. Шабындық пен жайылымға жеңіл-желпі мәдени-техникалық жұмыстар жүргізу. Сумен қамтамасыз етілуін жақсарту және ретке қою.

2 Табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту және алдын-ала себудің негіздері. Ауыспалы егіс қолдану. Шөп қоспаларының негіздері. Шөп тұқымдарын себу әдістері мен уақыты. Күтіп баптау негіздері.

3 Үстіртін жақсарту жүйесінің кейбір ерекшеліктері. Өзен алқаптарында екпе шабындықтар мен жайылымдар қолдану. Таулы жерлердің жартылай шөлейт және шөлейт аймақтарында екпе шабындықтар мен жайылымдар орналастыру.

Тақырып 10 Шабындықтарды және жайылымдарды пайдалану. (3 сағат)

1 Шабындық пен жайылымдарды тиімді пайдаланудың басты теориялық негіздері. Жайылым үлесі, жайылымдық шөптің қоректік құнарлығы және малды жазда жайылымда ұстаудың экономикалық тиімділігі.

2 Жайылымды және шабындақты тиімді пайдалануда қойылатын негізгі талаптар. Жайылым сыйылымдығы. Жайылымды пайдалану, шабындықты пайдалану жүйелері. Ауыспалы жайылым және шабындық жайылымын егізу.

3 Көк балауса конвейері, маңызы және түрлері. Көк шөп пайдалану әдістері. Мәдени жайылымдар мен шабындықтар.

Тақырып 11 Табиғи аймақтардың шабындықтары мен жайылымдары. (2 сағат)

Тақырып 12 Мал азықтық егін шаруашылығы. (2 сағат)

1 Мал азығын егістікте- жемшөп қорын жасап, мал шаруашылығының тікелей өркендететін, айыл шаруашылық өндірісінің негізгі бір бөлігі.

2 Танаптық дақылдар, оларды жіктеу қағидасы.

Әдебиеттер (1,2,3,4,5,6,7)

Студенттердің өздік жұмысының мазмұны

№ р/с	СӨЖ түрі	Есеп түрі	Бақылау түрі	Сағат көлемі
1	Дәрістік сабақтарға дайындық		Сабаққа қатысу	15
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындық	Конспект	ТС-ға жіберу	30
3	Бақылау шараларына дайындық	Бақылау жұмысы	МБ1, МБ2	15
4	Аудиториялық сабақтарға кірмеген материалды зерттеу	Конспект	Аызша сұрау	15
БАРЛЫҒЫ:				90

Өздігінен зерттеуге арналған тақырыптар

1 Қазақстанда жайылымдарды пайдалану жайлы тарихи анықтама.

2 Шабындықтар мен жайылымдардың малазығындық өсімдіктері (қаз., орысша, латын тілінде).

3 Улы өсімдіктер.

4 Шалғын жайылымдық мал шаруашылығының мағызы.

5 Қазақстанның жайылымдық шаруашылығы.

6 Қазақтың көшпелілігінің мағызы.

7 Жайылымдық мал шаруашылығы аудандарындағы су қорлары.

8 Пішеннің Қазақстан мал шаруашылығын өркендетудегі мағызы.

9 Қазақстанда селекция жолымен шығарылған малазығындық көпжылдық шөптер сұрыптарының сипаттамалары.

10 Көпжылдық шөптердің тұқымдарын өңдеу мен сақтау.

Әдебиет: [1-11];

Өтпелі бақылау мен қорытынды түрлерінің өлшем бірліктері (5-семестр)

№	Қорытынды бақылау түрі	Бақылау түрлері	Үлес
1	Емтихан	Емтихан	0,4
		Ағымдағы үлгерімді бақылау	0,6

11 Курс саясаты

Бірігіп жұмыс істеудің арқасында төмендегідей ережелерді орындауға тиістіміз:

1 Оқытушы мен студент бір-біріне қайырымды болу.

1 Сабақта ережені бұзатын кез келген іс-әрекеттерге шара қолданылады, аудиториядан қуып жіберуге дейін болады.

2 Сабақты босатуға, сабаққа кешігіп келуге тиым салынады. Егер белгілі бір себептермен сабақты босатқан жағдайда оқытушыны алдын-ала ескерту қажет.

3 Сабаққа белсенді қатысыңдар. Оқытушыға сұрақтар қойыңдар. Сабаққа жай қатысып қана қоймай, әртүрлі сұрақтарды пікірталас ретінде шешуге тырысыңдар.

4 Әрбір сабаққа міндетті түрде жауапты дайындалыңдар.

5 Сіздердің дайындықтарыңыз бақылау жұмыстары мен тестпен, сұрақтармен тексеріледі.

6 Барлық тапсырмалар уақытында орындалуы тиіс.

7 СӨЖ уақытынан кеш орындалса, автоматты түрде 2 балл алынып тасталады.

8 Семестрде 2 рет жұмыс қорытындысы бойынша оқу үлгерімі бойынша балл қойылады (Рейтинг), максималды – 100 балл. Ол келесі формуламен есептеледі $P_{1,2} = AY_{1,2} * 0,7 + MB_{1,2} * 0,3$

9 Екі рейтингтің қорытындысы бойынша емтиханға жіберілу рейтингісін төмендегідей формула мен есептеуге болады $PД = P1 + P2/2$

Соңғы қорытынды баға төмендегідей негіздер бойынша қойылады:

1 Сабаққа қатысу және дәріс конспектісін тексеру.

2 Дәріс, практикалық, өздік жұмыстарға белсенді қатысып, жауап беру.

3 Білімді шеттік бақылау бойынша тексеру.

4 Емтихан бағасы

Сабаққа қатысу мен дәріске дайындық	СӨЖ түрі	ҮТ 9	ҮТ 10	ҮТ 11	ҮТ 12	ҮТ 13	ҮТ 14	ҮТ15	28
	Бақылау түрі	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	
	Макс. балл	4	4	4	4	4	4	4	
Тәжірибелік сабақтарға қатысу мен дайындық	СӨЖ түрі	ПС 9	ПС 10	ПС 11	ПС 12	ПС 13	ПС 14	ПС15	70
	Бақылау түрі	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	СҚ	
	Макс. балл	8	8	8	8	8	8	8	
СОӨЖ сабақтарға қатысу мен дайындық	СӨЖ түрі	К 9	К 10	К 11	К 12	К 13	К 14	К 15	2
	Бақылау түрі	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	
	Макс. балл						1	1	
Курс тақырыптары бойынша ағымдағы бақылау	Тақ/п №							9-12	100
	Бақылау түрі							МБ2	
	Макс. балл							100	

Шартты белгілер. ҮТ№1 – №1 үй жұмысы, СҚ – оқу үрдісіне қатысу, ПС№1 –№1 зертханалық сабаққа дайындық, К№1 – конспект №1, Қ – конспектті қорғау, МБ1 – №1 межелік бақылау.

Кафедра отырысында ұсынылған «__» _____ 2012ж. Хаттама № __.

Кафедра меңгерушісі _____ Жумадина Ш.М. «__» _____ 2012ж.